ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІКТЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАС ҒАЛЫМ

Мемлекеттің өркендеуі білім мен ғылым, жаңа технологиялардың даму көрсеткішіне тікелей байланысты. Бүгінде еліміз өркениеттің көшінен қалмай, аталған бағыттарды ілгерілетуге күш салып келеді. Өйткені «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деп әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз айтқандай, ғылым мен білімнің кенде қалуы түрлі экономикалық, әлеуметтік мәселелер туындатады.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің бірінші отырысында: «Дамудың бірден-бір жолы – ғылым. Адамзат жетістіктің бәріне білімнің арқасында жеткен. Қарапайым заттардан бастап, күрделі ой-тұжырымдарға дейін – барлығы да ғылымның жемісі. Шын мәнінде, ілім-білім арқылы бүкіл жаратылыстың терең таным білеміз. Таным көкжиегін кеңейтіп, жаңа белестерге шығамыз. Ғылымның ең басты мнемесісі – осы. Ұлы далада өркендеген ғылымның тамыры тым тереңде жатыр. Адамзаттың екінші ұстазы Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы – оның айқын көрінісі. Көне заманнан бастау алған ілім жолы ешқашан үзілген емес. Соның ішінде өткен ғасырда қазақ ғылымы ерекше қарқынмен дамыды. Ал ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүддемізге сәйкес айқындаймыз», – деген болатын.

Мемлекет басшысы атап өткендей, шындығында, елімізде бар қабілет-қарымын ғылымға арнаған, білім саласындағы жұмыстарға ерекше қызығушылық жастар баршылық. Солардың қатарында PhD докторы, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Экономика және бизнес» факультетінің деканы Жарас Қуатбеков те бар.

Болашақ ғалым 1984 жылы 27 сәуірде Байзақ ауданы, Көктал ауылында дүниеге келген. Арман қуып көне шаһарға қадам басқан ол 2001-2005 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтын «Тарих және география» мамандығы бойынша үздік аяқтаса, 2005 жылдан 2007 жылға дейін «Тарих» мамандығы бойынша магистратурада білім алып, «тарих магистрі» академиялық дәрежесін иеленді.

Жоғары оқу орнын үздік тәмамдаған Жарас Алпысбайұлы туған жеріне табан тіреп, Байзақ ауданының Көктал орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып ағашқы қызметін бастады. Жұмысқа жауапкершілігі мол, әріптестерімен тез тіл табысатын жас маман 2007-2010 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы болып жұмыс істейді.

«Құсты қанат, жасты талап ұшырады» дегендей, оқуға құштар жас әрі қарай 2010-2011 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша оқып, оны үздік бітіріп, «Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі» академиялық дәрежесін алып шығады. Сонымен қатар 2011-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторантурасында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша оқып, 2014 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша докторлық (PhD) ғылыми дәрежесіне қол жеткізді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде кәсіби тағылымдамадан өтіп, онда «Президент Әкімшілігінің мемлекеттік қызметшілері қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі» жобасын әзірлеуге қатысатты.

– Жалпы ғылымға деген қызығушылығымды оятып, қолдау көрсеткен – менің әкем мен анам. Әкем қарапайым жүргізуші еді. Ал анам күс фабрикасының қызметкері болған. Ғылым жолында әркашан бағыт беріп отырған оқу ордаларында білім берген ұстаздарым болды. Ғылымдағы басты мақсат – теориялық білімді тәжірибеде қолдану арқылы адам өмірін жақсарту. Қазіргі таңда бүкіл әлем ғылым мен технологияларды дамытып, инновация саласында бәсекелестік орнатып жатыр. Соған байланысты дарынды ғалымдар, әсіресе талантты жастарға ашық түрде талас жүруде.

Жастарды ғылымға тарту үшін оларға жағдай жасау қажет. Жалпы ғылымды дамыту үшін әуелі ғалымдардың тағылымдама арқылы дәрежесін, біліктілігін көтеру керек. Ғылымды қаржыландыру көздерін көбейтіп, талаптарын жеңілдету қажет. Мемлекеттік гранттар көлемін арттыру арқылы ауыл жастарын тартып, оларға барынша мүмкіндіктерді қолжетімді етken дұрыс. Себебі таланттың жетіспеушілігіне байланысты талай жас өз потенциалын пайдалана алмай қалып жатады, – дейді Жарас Алпысбайұлы ағынан жарылып.

Ғалымдар шетелге тағылымдамаға бару арқылы қысқа мерзім ішінде өзге елдің мәдениетін көріп, тілін үйреніп, қажет деңгейлерді игеру мүмкіндігіне не болады. Кейіпкеріміз Жарас Қуатбеков те әлемнің бірнеше елінде болып, тәжірибе топтаған ғалым. Айталық, 2013-2014 жылдары Канаданың Торонто, Сент-Джонс, Ньюфаундленд-Лабрадор қалаларында, ал 2016 жылы Омбы өңірлік институтында «Халықаралық қаржы, бизнес-аналитика және экономикалық модельдеу» бағдарламасы бойынша халықаралық тағылымдамадан өтіпті. Сонымен бірге 2021 жылы Санкт-Петербург қаласында Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университетінде «Внутренняя система оценки качества образовательной деятельности» бағдарламасы бойынша халықаралық тағылымдамадан өткен екен.

Кейіпкеріміздің сөзінше, отандық білімді дамыту үшін шетелде білім алушы айтарлықтай артықшылықтары бар. Сондықтан білім ідеген біраз жан әлемнің іргелі оқу орындарынан білім алуға тырысады.

– Шетелде оқудың басты артықшылығы сол – мемлекеттің тарихымен танысып, мәдениетін көруге, жеке дәстүрлермен танысуға және өзінің барын елдің тілін үйренуге мүмкіндік туады. Әлемдегі ең іргі жоғары оқу орындарында мүдделі басқа бағыттар бойынша оқыту ұсынылады. Сондықтан білімгерлерге қолайлы мамандық табу қиынға соқпайды. Сіздің мүмкіндіктеріңізге сүйене отырып, мамандық бойынша толық курстан өтуге мүмкіндік бар. Шетелге оқуға кеткен адамдар бейтаныс адамдармен, жаңа мәдениет пен өмір ережелері бекіген бейтаныс жерде өмір сүруге мәжбүр болады. Ол тәуелсіздікті, еңбекқорлықты және тапқырлықты дамытады. Бұл қасиеттерге тек табысты адамдар не, сондықтан мүндай мүмкіндікті жіберіп алмау керек, – дейді маман.

Осылайша шетелден алған білімін отандық ғылымның дамуына арнаған азамат 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Экономика және бизнес» факультетінде доцент болып жұмыс істеуде, 2020 жылдан бастап аталған факультеттің деканы қызметіне көтеріледі. Сонымен қатар 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Жамбыл филиалында «Жаңа мемлекеттік менеджмент» арнайы авторлық курстары бойынша дәріс оқиды.

Соңдай-ақ оқытушы ретінде ол тәжірибесін басқалармен бөлісіп отыруды ұмытқан емес. Бұл бағытта кейіпкеріміз экономика және мемлекеттік басқару, қызметкерлерді ынталандыру, мемлекеттік және жеке әріптестік жүйесі, жаңа мемлекеттік менеджмент саласында 40-тан астам ғылыми мақалалар мен еңбектер жазған. Сонымен қатар «Web of Science» және «Scopus» сынақты халықаралық деректерлерде 4 мақала жарияланды. Әрі үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) «Экономика және инновациялық қызметті басқару» тақырыбы бойынша жоғары оқу орнының білім алушыларына арналған оқу құралының авторы және «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент: адам ресурстарын басқару» мамандықтары бойынша модульдік білім беру бағдарламасын әзірелді.

Ғалымның ғылыми қызметі облыс экономикасының инновациялық даму проблемаларын зерттеу әрі сол бойынша тұрақ іс-шараларды әзірлеуге бағытталған. Осы зерттеудің негізгі нәтижелері – басқарушылық инновациялардың теориялық базасын нығайту, экономикалық жүйелердегі инновациялық қызметті бағалау әдістерін дамыту әрі инновациялық қызмет саласындағы институционалдық процестерді дамытудағы міндеттерді шешуге ерекше назар аударады. Сонымен қатар «Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы бастамашыл ғылыми тақырыптың жетекшісі қызметін атқаруда.

Бүгінгі ғылым – ол, ағымдағы жылдың 2 қыркүйегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялаған болатын. Аталған құжатта Мемлекет басшысы әлемде энергия тапшылығы күшейіп бара жатқанын еске салып, елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көзіне ие болу қажет екенін ерекше тоқталған еді. «Біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын. Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұраныс атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр станциясы жұмыс істеп тұр. Біз елімізде өзіне тән ерекшеліктің және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тез арада қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр станциясын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін. Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын», – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум бұл 6 қазанда өтетінін айтқан болатын. Жалпы қоғам талқылап жатқан аталған мәселе төңірегінде жас маманның пікіріне құлақ түрген едік. Ол өз сөзінде АЭС-тің айтарлықтай пайдасы бар екенін ашып айтты.

– Президенттің Жолдауын бастанайық тұндан шықтым. Әрине, кең мәселе айтылды. Жалпы Мемлекет басшысының бұрын да көзқарасы жүрген АЭС қызметін пайдалану мәселесіне ділрыққа тоқталғаны қуанттты. Әрине, атом электр станциясының Қазақстанда салынуына тоқталар болсақ, әуелі экономикалық тұрғыда атом электр станцияларының жұмыс істеуі үшін өте аз мөлшерде отын қажет. Шикізат көзі өзімізде бар екенін ескеретін болсақ, ол отынды өте арзан бағада өзімізі шағара аламыз. Осыған байланысты атом электр станцияларының жұмысы отынды алу мен тасымалдауға үлкен шығындарды қажет ететін жылу станцияларына қарағанда жеңілдікпен арзан.

Атом электр станцияларының пайдасы мен экономикалық тиімділігіне тоқталған кезде олардың 24/7 режиміне кіген тұрақтылығы да ескеріуімізі керек. Ал күн мен желдің үнемі болса бермейтінін ешкім ажақ, оларды үлкен артықшылық. Себебі кешке және түнгі уақытта халық электр жарығын ең көп тұтынатын кезеңде күн сәулесі болмайды.

АЭС арқылы бірлесудің жұмысорнымен қамтылып, қосалқы өндіріс ошақтары мен өнеркәсіп дамиды. Инфрақұрылым мен жол қатынастары өрбейді. Бір сөзбен айтқанда, электр энергиясын арзандатып әрі инвесторларды тарта отырып, елдің санын-экономикалық жандайын көтеруге мүмкіндік береді, – дейді Ж.Қуатбеков.

Оның айтуынша, атом электр станциялары өте тиімді және күн сайын орасан зор энергия береді. Сонымен қатар ол көптеген адамдарды жұмыспен қамтамасыз етеді және экологиялық тұрғыда таза отын саналады.

– Қарапайым мысал ретінде айта кетейін, жер көлемі жағынан Қазақстаннан 5 есе кіші Франция мемлекетінде 2023 жылға дейін 56 өнеркәсіптік ядролық реактор ерекше істеді. Қазіргі таңда 9 реактор жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша тоқтаған. Ол АЭС-тер мемлекетті 70,6 пайыз электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

1957 жылы Алматыда ядролық физика институты құрылған еді. Ол – атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы Қазақстандағы жалғыз ғылыми-зерттеу ұйымы. Онда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың толық циклі, атап айтқанда, іргелі, қолданбалы зерттеулер, технологияларды әзірлеу және өндіру ісі жүзеге асырылады. Институт мамандары жаңа буын ядролық реакторлары мен термоядролық реакторларға арналған материалдарды сынаумен айналысып, ядролық технологиялары медицинада, өнеркәсіпте және ғылыми зерттеулерде қолданады. Тоқетерін айтқанда, елімізде атом электр станциясы салынса, оның құрылысы аймақтың және бүкіл елдің экономикалық дамуына серпін беріп, инфрақұрылымды жақсартады және тұрақты электр қуатымен қамтамасыз етеді. Бұлардың бәрі тұрақты дамудың дәлелі болуы, – дейді ғалым.

«Еңбегің қатты болса, тапқанын тәтті болады» дегендей, тынбай жасаған ізденіс мен шынайы еңбектің арқасында кейіпкеріміз мандайы жарқырап талай марапат төрінен көрінуде. Айталық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы еңбегі жанеонын дамуына елеулі үлес қосқаны үшін А.Байтұрсынов атындағы тоғ белгісінің иегері атанса, ҚР Білім және ғылым министрі тарапынан ғылымға қосқан үлесі үшін Алғыс хат және осы министрліктің қолпысымен «ЖОО үздік оқушысы-2019» атағына не болыпты. Сондай-ақ Жарас Алпысбайұлының ғылыми жетекшілігімен 15-тен астам магистрант ғылыми жұмыстарын сәтті қорғаған.

Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген қанатты сөз бар. Иә, кәсіби білікті, нағыз ұлтжанды ұстаздар ғана намысшыл ұрпақ, білімді оқушы, студенттерді тәрбиелесе, ол – мемлекетіміз тұяға қалыптастырудың алғышарты. Бүгінгі таңда кейіпкеріміз жауапкершілігі мол ұстаздық қызметті абыройлы атқарып келеді. Оған шәкірттері де дан риза.

– Деканымыз Жарас Алпысбайұлы – өте кәсіби маман және біліктілігі басым. Ол өз ісін жетік меңгерген, институтымыздың даму стратегиясын терең түсініп, білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған маңызды шешімдер қабылдайды. Жараз Қуатбеков студенттердің мүдделерін әркашан ескере отырып, білім беру сапасын жоғары деңгейде ұстап тұру үшін аянбай еңбек етеді. Оның көшбасшылық қасиеттері, ұйымдастырушылық қабілеттері және адамдармен ашық әрі адал қарым-қатынас орнатуы – баршамыз ұшін үлгі. Бүгінде институтымызда ынтымақтастыққа толы атмосфера мен жылуылық қалыптасқан. Деканның мақсатшылдығы мен кәсіпкерлігі оқу ордасының болашағының жарқын болатынына деген сенімді нығайтады. Біз не ақылшы, қорған болып жүретін ағайынымыздың қызметіне табыс тілеймін, – дейді Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 3-курс студенті Азамат Намазбек.

Міне, осындай отандық ғылымның дамуына барқұшін салып, шәкірттерін білім нәрімен сусындаткан жас ғалымдардың барында Қазақстанның келешегі кемел деп сенемін.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз» газетінің редакциясы» ЖШС
Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактордың орынбасары: Мұратхан ӘДІМХАН
Жауапты хатшы: Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Тілшілер: Жұматай БӨКСҰБАЙҰЛЫ, Лаула СЕЙДІЛДА, Алина АДИЛОВА, Айнұр СЕЙДІЛДАЕВА
Дизайнер: Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ
Корректорлар: Лаззат ЖЫЛҚЫБАЕВА, Айдана НҰРМАН

SMM БӨЛІМІ
Контент-редактор: Гүлдана ЖҰМАДІЛ
Бас видео-монтажер: Азат БАЙТЕМІРОВ
Фото-видео монтажер: Нұрлан БЕКТҰРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті ұстанымы болып табылмайды. Қолжазбалар ашық түрінде өңделеді және авторға қайтарылмайды. Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін талқыдағы мәтіндер жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын пайдалану үшін редакцияның рұқсаты керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, М.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №KZ87VPY00060446 куәлік 2022 жылы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ERMUR-MEDIA» ЖК-сында басылды.
Тараз қ., Толе би, 36 «Б».